

А.А.Бейсембаева,^{1*}  О.И.Тұрсыматова,²  А.Т.Үргенішбеков,² 
М.М.Ділмаханова²  Ж.А.Алиева¹ 

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
²Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИМПРОВИЗАЦИЯЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Аңдатпа

Мақалада студенттерді педагогикалық импровизацияға қатынастыру педагогикалық ЖОО оқытудың барлық мерзімі уақытында олардың психологиялық – педагогикалық, жалпы мәдени және пәндік білім, педагогикалық импровизацияның теориялық негіз білімінің қатаң жүйесін біртіндеп меңгеру жолымен жүзеге асатындығы мен педагогикалық тәжірибенің барлық түрлері кезеңінде өзіндік импровизациондық әрекеттерінде студенттерді үнемі енгізіп отыру қажеттігі айтылады. Болашақ мамандарды даярлауда педагогикалық импровизация үдерісін ұйымдастыру қағидалары ретінде шығармашылықпен жұмыс қағидасы; өзіндік әрекетті ұйымдастыру қағидасы, сәйкестік қағидасы, студенттерді жиі және үздіксіз қатынастыру қағидасы; өзара байланыс қағидасы түсіндіріледі. Теориялық талдаулар барысында «импровизация», «педагогикалық импровизация», «педагогикалық импровизациялық қабілет» ұғымдарының мәні сипатталып, мазмұны нақтыланды.

Болашақ мамандардың педагогикалық импровизациялық қабілеттерін қалыптастырудағы эмпирикалық зерттеулердің мазмұны беріледі. Эксперименттік-тәжірибе жұмысы болашақ педагогтерді дайындауда педагогикалық импровизацияны қалыптастыру екі кезеңді қамтыды. Біріншісі – қалыптастыру экспериментінің лабораториялық кезеңі. Бұл кезеңде педагогикалық импровизацияға студенттер қатынасын анықтау; педагогикалық импровизация, педагогикалық интуиция, шығармашылық әрекеттер еркіндігі жайлы студенттер білімін анықтау, яғни студенттердің педагогикалық импровизацияға бастапқы дайындық деңгейлерін диагностикалау болса, ал екінші кезең – қалыптастыру кезеңі деп қарастырылды. Қалыптастыру кезеңінде студенттердің педагогикалық импровизацияның теориялық негіздері бойынша білімдерін кеңейту; студенттерді импровизациялық іскерлігі барысында сан алуан тапсырмаларды орындауда іскерлік танытып және бекіту; болашақ педагогтерде тұлға сапасын дамыту жұмыстары жүргізіліп, «Педагогикалық импровизация» атты элективті курс бағдарламасының мазмұны талданады.

Түйін сөздер: импровизация, педагогикалық импровизация, импровизациялық қабілет, болашақ мамандарды даярлау, эмпирикалық зерттеулер.

Бейсембаева А.А.,^{1*}  Тұрсыматова О.И.,²  Үргенішбеков А.Т.,² 
Ділмаханова М.М.,²  Алиева Ж.А.¹ 

¹Казахский Национальный женский педагогический университет,
г.Алматы, Казахстан

²Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г.Кызылорда, Казахстан

ЭМПИРИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИМПРОВИЗАЦИОННЫХ СПОСОБНОСТЕЙ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Аннотация

В статье отмечается, что отношение студентов к педагогической импровизации осуществляется путем постепенного освоения ими строгой системы психолого – педагогических, общекультурных и предметных знаний в течение всего срока обучения педагогического вуза, теоретической основы педагогической импровизации и необходимости постоянного включения студентов в свои импровизационные действия на этапе всех видов педагогического опыта. Принцип творческой работы как принципы организации процесса педагогической импровизации в подготовке будущих специалистов; объясняется принцип организации самостоятельной деятельности, принцип соответствия, принцип частого и непрерывного общения студентов; принцип взаимосвязи. В ходе теоретического анализа были описаны сущность и уточнено содержание понятий «импровизация», «педагогическая импровизация», «педагогическая импровизационная способность».

Дается содержание эмпирических исследований в формировании педагогических импровизационных способностей будущих специалистов. Экспериментально-экспериментальная работа формирования педагогической импровизации при подготовке будущих педагогов охватила два этапа. Первый – лабораторный этап формирующего

эксперимента. Определение отношения студентов к педагогической импровизации на данном этапе; определение знаний студентов о педагогической импровизации, педагогической интуиции, свободе творческой деятельности т. е. диагностика начального уровня подготовки студентов к педагогической импровизации, а второй – этап формирования. Расширение знаний студентов по теоретическим основам педагогической импровизации на этапе формирования; формирование у студентов умения и проявлять деловую активность при выполнении разнообразных заданий в ходе импровизационных умений; у будущих педагогов проводится работа по развитию качества личности, анализируется содержание программы элективного курса «Педагогическая импровизация».

Ключевые слова: импровизация, педагогическая импровизация, импровизационные способности, подготовка будущих специалистов, эмпирические исследования.

Beisembayeva A.,^{1*}  Tursyatova O.,²  Urgenishbekov A.,² 

Dilmakhanova M.,²  Aliyeva Zh. 

¹Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

² Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

EMPIRICAL RESEARCH IN THE FORMATION OF PEDAGOGICAL IMPROVISATIONAL ABILITIES OF FUTURE SPECIALISTS

Abstract

The article notes that students' attitude to pedagogical improvisation is carried out by gradually mastering a strict system of psychological, pedagogical, general cultural and subject knowledge throughout the entire period of study at a pedagogical university, the theoretical basis of pedagogical improvisation and the need for students to constantly include in their improvisational actions at the stage of all types of pedagogical experience. The principle of creative work as the principles of organizing the process of pedagogical improvisation in the training of future specialists; the principle of organizing independent activities, the principle of conformity, the principle of frequent and continuous communication between students, and the principle of interconnection are explained. In the course of the theoretical analysis, the essence and content of the concepts «improvisation», «pedagogical improvisation», and «pedagogical improvisational ability» were described and clarified.

The content of empirical research in the formation of pedagogical improvisational abilities of future specialists is given. The experimental work on the formation of pedagogical improvisation in the training of future teachers covered two stages. The first is the laboratory stage of the formative experiment. Determination of students' attitude to pedagogical improvisation at this stage; determination of students' knowledge about pedagogical improvisation, pedagogical intuition, freedom of creative activity, i.e. diagnostics of the initial level of students' preparation for pedagogical improvisation, and the second is the formation stage. The expansion of students' knowledge on the theoretical foundations of pedagogical improvisation at the stage of formation; the formation of students' ability and business activity when performing various tasks during improvisational skills; future teachers are working on the development of personality quality, the content of the elective course «Pedagogical improvisation» is analyzed.

Keywords: improvisation, pedagogical improvisation, improvisational abilities, training of future specialists, empirical research.

Кіріспе. ЖОО-да педагог мамандарды даярлау ісі қашан да кәсіби шығармашылықты, заманауи білім беру технологияларын қолдану мен білімді модельдеуде тиімді әрекеттерді орындауды талапқа сай қажет ететін педагогикалық шеберлік аясындағы мәселелерді шешуде әрдайым жаңа идеялар арқылы келетін қабілеттерді ашуға үнемі дайындықта келуі шартты болмақ. Білім берудің кез-келген бағытындағы импровизация – бұл дегеніміз, оқыту үдерісіндегі мәселені шешудегі жағдаят, болашақ педагогтердің қысқа уақыт ішінде шешімдерді нық сеніммен және өте тиімді баға беру бойынша маңызды шешім қабылдауы деп түсіндіріледі.

Бұған сәйкес, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев Қазақстан Халқына жолдауында: «...Адамзат тарихындағы жетістіктің барлығы – білімнің жемісі. Бүгінгі білім берудегі озық технология дәуірінде ғылымсыз алға басу еш мүмкін емес. Бұл ретте ЖОО-да ғылымды дамыту жұмыстарына аса ден қойып, болашақ педагогтерді даярлауда халықаралық деңгейдегі заманауи сұранысқа ие бола алатын болашақ мамандарды тәрбиелеу мәселесін сөз етеді [1]. Президенттің Үндеуінде мақсатқа қол жеткізуде бүгінгі студент моделінің қалыптасуындағы бірнеше міндеттерді шешуді болжайды, ЖОО білім алушылары ортасында педагогикалық импровизациялау бойынша білім онтологиясы алға шығарылады.

Қазіргі зерттеушілер шығармашылық педагогикалық әрекеттердің бір түрін, түрлі педагогикалық жағдаяттарды шешудегі қабілеттілік педагогикалық импровизация болып табылатынын ерекше атап көрсетеді (А.К.Маркова [2], Л.Ю.Берикханова, [3], В.И.Загвязинский [4], В.Н.Харкин [5] және т.б.). Педагогикалық импровизацияға дайындықтарын қалыптастыруда шығармашылық әрекет оқыту құралының кеңінен пайдалануына негізделген дидактикалық ойындар, креативті тапсырма түрлері, рөлдер бойынша педагогикалық жағдаяттар, өзін-өзі сезінудегі шығармашылық тренингтері болады. Бұл дидактикалық құралдар студенттерде шығармашылық белсенділіктері мен креативтікке қызығушылықтарын арттырады. Сонымен педагогикалық импровизацияға дайындықтарын қалыптастыру үрдісі болашақ педагогтердің танымдық және кәсіби түрткілерін көтеруде тұлғалық сапаның дамуына, ерекше ойлау қабілеті, тапқырлық пен тіл табысушылық және т.б. әсер етеді.

Болашақ мамандарды даярлау мәселесі педагогикалық шығармашылық әрекеттерге қазіргі педагогикалық және психологиялық ғылымдар орасан зор көңіл бөлуде. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық шығармашылық дамуындағы жалпы сұрақтар, олардың кәсіби дайындығы үрдесіндегі жұмыстарында өз жауабын тапты: С.Л.Рубинштейн, В.А.Кан-Калик, М.Н.Скаткин, А.И.Щербаков, Г.И.Щукина және т.б. Психологиялық аспектілер мәселесін педагогикалық шығармашылықта дайындауда Л.С.Выготский, И.В.Зимний, А.А.Леонтьев, А.Пономарев және т.б.

Психологиялық және педагогикалық әдебиеттер сараптамасы мен жүргізілген әдебиеттер көрсеткіші қазіргі білім жүйесінің даму жағдайында студенттерді шығармашылық педагогикалық әдебиеттерге, олардың педагогикалық импровизацияға дайындықтарын қалыптастыра отырып, аталған әрекеттің бір түрі ретінде екені көрсетілген.

Қазір біздің елімізде болашақ мамандарды жан-жақты дайындауда, педагогикалық импровизацияға арнайы дайындау жұмыстары жоқтың қасы. Оның себебі, болашақ мұғалімдерді даярлауда педагогикалық импровизацияға және оны іске асыру шарттары, кәсіби педагогикалық әрекеттері жан-жақты зерттелмегенін айқындайды. Осыған байланысты мектептердегі талаптардың жоғарылауына байланысты педагогикалық импровизациямен жұмыс істейтін болашақ мамандар мен ЖОО арасында оларға нақты дайындық жүйесінің болмауы арасында қарама-қайшылықтар туындайды.

Аталған қарама-қайшылық педагогикалық импровизация болашақ мамандар шығармашылық әрекетінің бір түрі ретінде теориялық негіздеулер мен эмпирикалық зерттеулерді жүргізуді мәселе деп қарастыруымызға негіз болады.

Негізгі ережелер. -«импровизация – алдын ала ойластырылған жоспарларсыз немесе сценарийлерсіз жаңа нәрсе жасау процесіндегі стихиялы шығармашылық»;

-«педагогикалық импровизация – педагогтің білім беру үдерісіндегі аяқ астынан пайда болған қандай да бір оқиғаға тез бейімделіп, алдын ала ойластырылмаған, кенеттен шешім қабылдап, реакция жасай білу шеберлігі»;

-педагогикалық импровизациялық қабілет деп, педагогтің әдістемелік шеберлігіндегі эрудициясы, психологиялық – педагогикалық сапалары, мақсаткерлігі, оқытудағы тапқырлығы мен педагогикалық идеялардың көптігі, педагогикалық креативтілігі, интуиция, рефлексия және оқудағы шешімдер жасауда, жағдаяттарды реттеуде тосыннан тауып кету қасиеттерінің кешені деп сипатталады;

- педагогикалық импровизацияның өзін-өзі бағалау тақырыбына сауалнама мазмұны;

- «педагогикалық импровизация» атты элективті курсының оқу-тақырыптық жоспары, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар.

Материалдар мен әдістер. Импровизация ұғымы соңғы жылдары ғылыми білімдерді белді салалары психология ғылым саласы мен педагогика ғылым салаларында кеңірек қолданысқа түсіп, өз тәжірибелерінде көрініс тауып келе жатқан, әлі де қыр-сыры толық ашыла қоймаған ұғымдардың бірі.

ЖОО-дағы болашақ педагогтерді кәсіби даярлау ісінде туындаған оперативті жағдайда қойылатын білім берудегі мақсаттар, міндеттердің шешімін табу жағдайында қандай да бір оқыту үдерісінде қиындықтарға тап болып, оның шешімін оң көрсете алмауы мүмкін. Міне, мұндай жағдайларда адамға эрудиция көмекке келе алады, сондай-ақ болашақ маманның мәдени білімде кәсіби тұрғыда ойлана алуы, ғылыми немесе кәсіби сөйлеу тіл байлығының жоғары болып келуі, тағы да болашақ мұғалімдердегі жалпы сөз мәдениеті, алдындағы шәкірттерімен, оқушыларымен жақсы, сәтті коммуникация орнатуы педагогикалық импровизация тұсында аса маңызды сұрақтар болады. Бұл жағдайларда коммуникацияның қолайлы түрін қолданысқа түсіре алмаса, дайын емес қарым-қатынаста еркін шығудың қағидалық маңызы көңіл аударарлық Мұғалім әңгімелесу арқылы педагогикалық импровизацияны басшылыққа алу қабілетіне ие болу керек. Оқушылардың іс-әрекеттерін және жағдаяттарын жедел бағалау, шешімді бірден шығару, алдын-ала логикалық талқылаусыз, педагогикалық білімнің эрудицияның, интуицияның, балалармен әңгімелесуде бұл шешімдерді пайдалану, жағдаяттың өзгеруін импровизациялай алуға болашақ мамандарды даярлау ісі маңызды болып отыр.

В.А.Кан-Калик өзінің импровизациялық зерттеулерінде болашақ педагог мамандардың кәсіби-шығармашылық үдерісіне ден қойып, педагогикалық үдерісті ұйымдастыру кезіндегі негізгі тұсы «педагогикалық импровизация», яғни оқушымен, айналасымен коммуникацияға үлкен өзгерістермен түсу үлкен рөлді көрсетеді деген көзқарасты білдіреді [6].

Ресейлік ғалым А.К.Маркованың түйінді ойларымен біз, келісе отырып, автордың ойынша педагогтің кәсіби шеберлігін өзінің ұйымдастыратын педагогикалық үдерісіне қарай саналатын алдыңғы педагогикалық тұрғыдағы тапсырмасы екенін айтады. Оның ойынша, бұл дегеніміз – күрделі жүйе деуге әбден мүмкін болатын көзқарас. Осы орайда педагогтердің кәсіби әрекеті бойынша ұйымдастыру жұмыстарындағы педагогикалық тапсырмаларды реттеуде автор құрылымдалатын тапсырмалардың негізін бере отырып: «Педагогтерден жүйеленген тапсырманы тиімді жолмен шешуде аз уақытта берілетін жағдаяттан ұтымды шығуға талап қойылады» [2, 186].

А.К.Маркова педагогикалық импровизация жайында өзіндік пікірі бар зерттеуші ретінде танымал, ол педагог мамандардың педагогикалық импровизациялық қабілетін педагогтің әдістемелік шеберлігіндегі эрудициясы, психологиялық – педагогикалық сапалары, мақсаткерлігі, оқытудағы тапқырлығы мен педагогикалық идеялардың көптігі, педагогикалық креативтілігі, интуиция, рефлексия және оқудағы шешімдер жасауда, жағдаяттарды реттеуде тосыннан тауып кету қасиеттерінің кешені деп түсіндіреді [2, 416].

В.И.Загвязинский кәсіби іс-әрекетте импровизация жайында зерттеулер жүргізіп, талдаулар жасай келе, мұғалім үнемі өз-өзімен жұмыс жасап, өзін-өзі дамытып отыруға міндетті, өйткені мұғалімнің импровизациялық жағдайда жүруі керек дейтін болсақ, ол өзінің идеяларын, құрған жоспарын тиімді етуде, өзіндік оң шешімді іздеп әрі жасап жүруі тиіс деп қорытындылайды. Бұл ретте педагогикалық импровизацияға қатысты әрбір педагог қауымы өзіндің қабілетті ескеру қажеттігі бар екенін мойныдаймыз, бұл дегеніміз педагогтік өзін бағалай алу қабілеттілігі деген пайымға келеді. Сондай-ақ, мұғалімнің кез-келген жағдайда тез арада оң шешім шығара алуы, өзінің логикалық талдауынсыз-ақ келетін интуициялық қабілеттердің немесе тәжірибенің, білім қорының негізінде деп көрсеткен [4, 746].

В.Н.Харькиннің зерттеулері бойынша «педагогикалық импровизация» ұғымын зерделеуде, ол бізге В.И.Загвязинскийдің анықтамасын негіздеуді айтады, мұндағы импровизацияны шешу немесе бағалау әрекеттеріне аса мән беріліп, оның мұғалімнің қабілеттілік жиынында импровизациялық көріністі сипаттайтындығын негізге алады. Зерттеушінің пікірінен, мұғалімдегі қабілеттілік үнемі шығдалып, дами беруі мүмкін болмайды дей келе, авторлар маңызды педагогикалық жағдайдағы импровизациялық тұрғыда ұйымдастырылатын үдерістің өзгеріске түсуі мүмкін деп көрсетеді. В.Н.Харькиннің зерттеулері мұғалімдегі педагогикалық импровизациялық қабілеттер жиынын болашақ педагогтердің импровизация бойынша әрекет етуі, бір идеялардың пайда болу ықтималдығын негіздеуді көздейді [5, 896].

Импровизация және импровизацияның педагогикалық түріне байланысты контент-талдауды 1-кестеде ұсынамыз.

Кесте 1 – «Импровизация» ұғымының контент-талдауы

Авторлар	Анықтамалары	Түйінді ойлар
А. Н.Чудинов	Берілген тақырып бойынша пісірусіз айтылған ойлар; педагогикалық үдерісті дайындықсыз сәтті жүргізу.	Дайындықсыз келген сәттілік
Н. Г.Комлев	Алдын-ала дайындықсыз орындау кезінде жазылған ауызша туынды.	Дайындықсыз әрі рындау үстінде туындайды
А. Д.Мишельсон	Берілген тақырыпқа дайындықсыз айтылған шешімдер.	Дайындықсыз оң шешім
А.А. Беляев	Еш дайындықсыз орындалған сәтте әрекет жасаудың шығармашылық актісі; берілген тақырып бойынша қиял.	Шығармашылық акт
Э.Г. Асимов А.Н. Щукин	Білім беруде алдын ала дайындықсыз жүзеге асырылатын және өздігінен дамитын оқытушының қызметі.	Өздігінен дамитыноқытушының қызметі.
В.С. Безрукова	Еш дайындықсыз тікелей, іс-әрекеттің кезінде туатын және осы іс-әрекеттің шығармашылық әрі жні интуитивті басталуын білдіретін педагогикалық іс-әрекеттің құрамдас бөлігі болып табылатын элемент.	Іс-әрекет барысында туындайтын элемент
В.Г. Панова	Педагогтің педагогикалық қарым-қатынас барысында ойланбастан жүзеге асырылатын іс-әрекеті.	Қарыс-қатынас кезіндегі тиімді әрекет
Г. М. Кожаспирова А. Ю. Кожаспиров	Педагогтің сабақ немесе қарым-қатынас барысында күтпеген педагогикалық шешім табуы және оны бірден жүзеге асыруы.	Күтпеген педагогикалық шешім

Айта кетелік, болашақ педагог мамандардың теориялық білімінің іргесі оның өзіндік ұйымдастыратын қабілеттілігіне қарай анықталады. Ең алдымен, педагогикалық импровизацияны зерттеу барысында мұндағы педагогикалық импровизация педагогикалық іс-әрекетпен ете байланыстырылған құрылым іспеттес. Келесіде, мұғалімдердегі әлеуметтік тәжірибенің тез арада қабылданып өңделуі, алайда бұл ретте педагогтердегі жүйелі білім беруде ғана адам миында қалыптасатындығын негіздейміз. Ендігісі, болашақ мамандардың педагогикалық импровизацияға жүйелі дайын болуы, даярлығы олардың осы уақытқа дейін алған теориялық білімдері мен кәсібилік жағдайда жасайтын не ұйымдастыратын іс-әрекеттеріне, оның мақсатына қарай әсер етеді [7].

А.И.Щербаков өзінің басым зерттеулерінде педагогикалық шеберлік, педагогикалық техника түсініктеріне мән бере келе, педагог мамандарды кәсіби даярлаудағы кәсіби әрекеттердің бір шешімі деп айқындап отыр. А.И.Щербаковтың зерттеулеріне мән берсек, ЖОО-да білім алушыларға білім беруде студент бойындағы педагогикалық шеберлік, кәсіби құзыреттілік қалыптасады делінген. Осы жерде болашақ педагогтердің кәсіби білімдері мен олардың праткиалық білігі кәсіби білім алу барысында маңызды болады. Автордың қорытынды ойларында кәсіби білімдердің жүйелілік барысы, білім алушылардың практикалық сұрақтарды шешуі, білімдерін нығайта түсуі белсендірек болатындығы алға шығарылады [8].

Л.Ф.Степинский [9] және М.А.Спирин [10] педагогикалық импровизацияны анықтауды, педагогикалық тапсырманы шешу бірнеше кезеңдерден өтеді. Ю.Н.Кулюткин [11] және Г.С.Суховская [12] келесі кезеңдерді көрсетеді: талдау кезеңі (жағдаяттағы талдау мен бағалау);

құрылымдық кезеңде алға қойылған тапсырманың мазмұны жоспарланады; атқарушы кезеңде мұғалім мен оқушы өз іс әрекеттерін жүзеге асырады деген идеяларды құрайды.

Бізге педагогикалық импровизацияны теориялық зерттеулерде көрсетілген біршама зерттеушілердің теориялық-әдіснамалық ойларын талдап, педагогикалық импровизацияға болашақ педагог мамандардың әрбір импровизацияға толы әрекеттерін педагогикалық импровизацияның жүзеге асуындағы шарттары деп түсінеміз [13,14].

Ашық Уикипедияда «*импровизация* - (лат. improvisus-күтпеген, кенеттен)- берілген тақырып бойынша эссе (ауызша немесе жазбаша), оқиғаға поэтикалық жылдам, алдын-ала дайындықсыз жауап» деп талданады. Импровизацияның атқаратын қызметіне қарай немесе әртүрлі салаларға байланысты бірнеше түрі бар: адаптивті, әлеуметтік, музыкалық, педагогикалық, еркін импровизация және т.б.

Бұл ретте «педагогикалық импровизацияны» талдаулар ең алдымен «импровизация» ұғымына мән беруді көздейді.

Scopus базасындағы жарияланған журналдарда «Білім берудегі импровизация» (improvisation in education) жайында Waks L. (2011) «*Teacher education programs as complex organizations*» ғылыми еңбегінде: педагогикалық білім берудегі зерттеулерге арналған импровизация, бұл «ақпараттандырылған импровизация» деп аталады, сондай-ақ бұл ұғым көп қырлы, білім беруде резонанс тудырады. Себебі, біздің оқыту және педагогикалық білім беру туралы көзқарастарымызда, импровизацияны болашақ мұғалімдерді даярлауға арналған «әмбебап» құрылғы ретінде тануға болатындығын айтамыз. Көріп отырғанымыздай, бұл оқытудың импровизациялық сипатын шешудің мүмкін тәсілдеріне негізделген күрделі құрылымдардың бірі. Неге десеніз, болашақ мұғалімдерде күтпеген жерден жаңа оқу әрекеттерінің пайда болуы мен өзара іс-қимылдың туындауына куә болдық, бұл нәтижелерді бізге эмпирикалық зерттеулер көрсетіп отыр. Сондықтан да «*импровизация* – бұл оқытудың кез-келген сәтінің бөлігі» деген нақтылау жасауға болады. Автордың пікірінен байқайтынымыз, күрделі немесе кешенді эмпирикалық зерттеулер арқылы импровизацияға нақтылаулар береді, аталмыш ұғымның көпспектрлі екендігін негіздеп отыр [15].

2011 жылы Scopus базасында болған «Complicity an international journal of-complexity and education» атты журналдағы канадалық ғалымдардың бастамасымен Jean-François Maheux және бірнеше авторлардың бірлестігінде жарияланған «*On Improvisation in Teaching and Teacher Education*» атты ғылыми еңбегінде: «*білім берудегі импровизация – математикалық есептерді бірнеше шешіммен табу секілді әрекет*» деп ұсынады. Сондай-ақ, авторлар осы ретте «толық емес шешімдер», «толық емес жауаптар» шеруі орын алуы әбден мүмкін деп пайымдайды. Зерттеушілердің талдауынан байқағанымыз, импровизация әртүрлі формада келеді, алайда қай формасы болмасын білім беруде жемісті келеді деген қорытынды шығаруға болады [16].


Шетелдік зерттеушілер талдауларының мазмұны бізге педагогикалық импровизацияның бірнеше жолдарын түзуді көздейді. ЖОО-да болашақ педагогтерді импровизацияға дайындау – болашақтың ісі деуге келеді, алайда келесідей жолдарын анықтауға мүмкіндік алып отырмыз, *ең алдымен*, ЖОО-да импровизациялық оқытудың элементтерін белгілі бір мерзім ішінде оқыту, *ал екіншісі* мында біз ұсынып отырған тақырыптар шеңберінде педагогикалық импровизацияның арнаулы әдістемесін дайындау болады. Олар: ПИ – оқу-тәрбие феномені; ПИ диагностикасы; ПИ құрылымдық жүйесі; ПИ эмпирикалық талдаулары; ПИ тапсырмалары; ПИ-ді оқытудағы іс-әрекеттің және жылдам ойлау тренингтері; болашақ мамандардың ПИ-ге өзіндік даярлығы.

Болашақ мамандарды даярлауда жоғарыда анықталған өлшемдерге сай педагогикалық импровизация үдерісін ұйымдастыру қағидалары түзілді: шығармашылықпен жұмыс қағидасы; өзіндік әрекетті ұйымдастыру қағидасы, сәйкестік қағидасы, студенттерді жиі және үздіксіз қатынастыру қағидасы; өзара байланыс қағидасы және т.б.

Педагогикалық импровизация - бұл мұғалімнің оқушылармен жұмыс барысында оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі әдістерін шығармашылық және еркін пайдалану қабілеті. Оның мақсаты - оқыту мен тәрбиелеудің нақты жағдайларында жаңа педагогикалық шешімде табу.

Педагогикалық іс-әрекет барлық жағынан күрделі құбылыс екені белгілі, өйткені оны үнемі өзгеріп отыратын процесс болғандықтан бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыруға болады. 1-суретте педагогикалық импровизацияның кезеңдері беріледі.


Педагогикалық импровизация субъектілердің алдында жүзеге асырылады, өз кезегінде ерекше жағдайлардың пайда болуына ықпал етеді. Педагогикалық импровизацияны тәрбие мен оқыту әдісі ретінде қарастыруға болады, өйткені ол балалардың да, мұғалімнің де дамуының айтарлықтай әлеуетіне ие.



1-сурет. Педагогикалық импровизацияның кезеңдері

Нәтижелер. Ғалымдардың, зерттеушілердің әртүрлі дереккөздерде берілген анықтамаларын басшылыққа ала отырып: «*импровизация* – алдын ала ойластырылған жоспарларсыз немесе сценарийлерсіз жаңа нәрсе жасау процесіндегі стихиялы шығармашылық», ал «*педагогикалық импровизация* – педагогтің білім беру үдерісіндегі аяқ астынан пайда болған қандай да бір оқиғаға тез бейімделіп, алдын ала ойластырылмаған, кенеттен шешім қабылдап, реакция жасай білу шеберлігі» деген нақтылаулар жасалды.

Біз, талдаулар мен нақтылауларды негізге ала отырып, педагогикалық импровизациялық қабілеті бар болашақ педагогтің үлгісін 2-суретте беріп отырмыз.



2-сурет. Педагогикалық импровизациялық қабілеттері дамыған болашақ маман үлгісі

Педагогикалық импровизациялық қабілеттері дамыған болашақ маман үлгісінің мазмұнында теориялық зерттеулердегі негіздемелерге және педагогикалық импровизацияға мұғалім даярлығының жоғарыда қарастырылған мәнді мазмұнын біз төрт өзара байланысты компоненттер сәйкестігі арқылы педагогикалық импровизацияға даярланған мамандардың нобайын білім алушының тұлғалық сипаттамалары және ондағы педагогикалық интуицияның болуы, осыған дейін алған теориялық білімі, қабілеттіліктеріндегі импровизациялық сапалар,

бесіншіден, кәсіби-шығармашылық әрекетте ішінара шығармашылық шайқастағы тартыстардың кездеспеуі және т.б.

Біз, жоғарыдағы отандық, ресейлік және әлемдік зерттеулерді жүйелеп талдай келе: *«педагогикалық импровизациялық қабілет – болашақ педагогтерде болатын педагогикалық эрудициясының психологиялық жзадайдағы беретін сапасы, педагогикалық мақсатты дөп қою шеберлігі, педагогикалық тапқырлық, біліми ойлау, интуиция, рефлексия және педагогикалық шешімдерде күтпеген тапқырлықтарының жиыны»* деп анықтама береміз.

Зерттеу нәтижелерінде талданған негізгі ұғымдық-категориялық аппараттың мазмұнын эмпирикалық зерттеулер арқылы тексеретін боламыз.

Талқылау. Болашақ мамандардың педагогикалық импровизациялық қабілеттерін қалыптастырудағы эмпирикалық зерттеулер жүргізуде эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарда болашақ педагогтерді дайындауда педагогикалық импровизацияны қалыптастырудың барысы мынандай кезеңдерді қамтыды, олар: қалыптастыру экспериментіндегі лабораториялық кезең деп аталады. Аталмыш кезеңде педагогикалық импровизация түсінігіне экспериментке қатысушы респонденттердің импровизация деген не? атты сұраққа түсінік деңгейін анықтау; педагогикалық импровизация, педагогикалық интуиция, шығармашылық әрекеттер еркіндігі жайлы студенттер білімін анықтау; әр түрлі курс студенттерінің педагогикалық импровизацияға бастапқы дайындық деңгейлерін диагностикалау болса, келесісі – қалыптастыру кезеңі. Қалыптастыру кезеңінде студенттердің педагогикалық импровизацияның теориялық негіздері бойынша білімдерін кеңейту; студенттерді импровизациялық іскерлігі барысында сан алуан тапсырмаларды орындауда іскерлік танытып және бекіту; болашақ педагогтерде тұлға сапасын дамыту жұмыстары жүргізілді.

Педагогикалық жағдаяттарды педагогикалық импровизация арқылы шешу қажеттілігі жиі әрі тұрақтырақ болып келеді. Ол үшін төмендегідей эмпирикалық зерттеулер жүргізілді.

Педагогикалық импровизацияның теориялық негіздері бойынша білімдерін жете түсіну, сапалық және сандық құрам, импровизациялық іскерлік өседі және кеңейеді. Импровизациялық іскерліктердің жетілуі байқалады. Импровизациялық біліктерді дамытуға арналған тапсырмаларды орындау кезінде студент шығармашыл ыңғай мен дербестік танытады. *1. Kіріспе*

- Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін түсіндіру.

- Педагогикалық импровизацияның өзін-өзі бағалау тақырыбына сипаттама.

2. Сауалнама құрастыру

- Педагогикалық импровизацияны бағалаудың негізгі көрсеткіштері мен параметрлерін анықтау.

- Оқыту әрекетіндегі импровизацияның негізгі аспектілерін көрсететін сұрақтар құрастыру.

3. Диагностиканы жүргізу

- 96 респондент арасында сауалнаманы тарату.

- Жауаптардың анонимділігін және құпиялығын қамтамасыз ету.

- Пішінді толтыру туралы нұсқаулар.

4. Нәтижелерді талдау

- Алынған мәліметтерді өңдеу.

- Негізгі тенденциялар мен заңдылықтарды анықтау.

5. Қорытынды

- Педагогикалық импровизациядағы өзін-өзі бағалау нәтижелерін жалпылау.

- Оқыту іс-әрекетінде білім алушылардың импровизацияға дайындық деңгейі туралы қорытынды жасау.

Сауалнама нәтижесі 4-кестеде беріледі.

Кесте 2 – Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Сіз оқу кезінде импровизациялау қабілетіңізге қаншалықты сенімдісіз?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар n-%	Әрдайым		Жиі		Ешқашан	
	ЖД		ОД		ТД	
	п	%	п	%	п	%
Бақылау тобы - 46	11	23,9	14	30,4	21	45,6
Эксперимент тобы - 50	13	26	15	30	22	44



3-сурет. Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Сіз оқу кезінде импровизациялау қабілетіңізге қаншалықты сенімдісіз?» сауалнамасының көрсеткіштері

Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі «Сіз оқу кезінде импровизациялау қабілетіңізге қаншалықты сенімдісіз?» сұрағы бойынша БТ-46 студент қатысты, ЖД-11, ОД-13 ТД-21 студент екені анықталды. Ал ЭТ-да 50 студенттің ЖД-13, ОД-15, ТД-22 студентті көрсетті.

Кесте 3 – Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Сіз өзіңіздің педагогикалық тәжірибеңізде импровизацияны қаншалықты жиі қолданасыз?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар n-%	Әрдайым		Жиі		Ешқашан	
	ЖД		ОД		ТД	
	п	%	п	%	п	%
Бақылау тобы - 46	13	28,2	14	30,4	19	41,3
Эксперимент тобы - 50	10	20	16	32	24	48




4-сурет. Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Сіз өзіңіздің педагогикалық тәжірибеңізде импровизацияны қаншалықты жиі қолданасыз?» сұрағының нәтижелері

Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі «Сіз өзіңіздің педагогикалық тәжірибеңізде импровизацияны қаншалықты жиі қолданасыз?» сұрағы бойынша БТ-46 оқушы қатысты, ЖД-13, ОД-14, ТД-19 студент екені анықталды. Ал ЭТ-да 50 студенттің ЖД-10, ОД-16, ТД-24 студентті көрсетті.

Кесте 4 – Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Жағдайға байланысты сабақ жоспарыңызды өзгертуге қаншалықты дайынсыз?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар n-%	Өте дайынмын		Орташа дайынмын		Дайын емеспін	
	ЖД		ОД		ТД	
	n	%	n	%	n	%
Бақылау тобы - 46	12	26	14	30,4	20	43,4
Эксперимент тобы 50	13	26	14	28	23	46



5-сурет. Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Жағдайға байланысты сабақ жоспарыңызды өзгертуге қаншалықты дайынсыз?» сұрағының нәтижелері

Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі «Жағдайға байланысты сабақ жоспарыңызды өзгертуге қаншалықты дайынсыз?» сұрағы бойынша БТ-46 студент қатысты, ЖД-12, ОД-14, ТД-20 студент екені анықталды. Ал ЭТ-да 50 студенттің ЖД-13, ОД-14, ТД-23 студентті көрсетті.

Кесте 5 – Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Сыныптағы күтпеген жағдайларға тез жауап беру қабілетіңізді қалай бағалайсыз?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар n-%	Тамаша		Жақсы		Нашар	
	ЖД		ОД		ТД	
	n	%	n	%	n	%
Бақылау тобы - 46	10	21,7	12	21,7	24	52,1
Эксперимент тобы - 50	11	22	14	28	25	50



6-сурет. Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Сыныптағы күтпеген жағдайларға тез жауап беру қабілетіңізді қалай бағалайсыз?» сұрағының нәтижелері

Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі «Сыныптағы күтпеген жағдайларға тез жауап беру қабілетіңізді қалай бағалайсыз?» сұрағы бойынша БТ-46 студент қатысты, ЖД-10, ОД-12, ТД-24 студент екені анықталды. Ал ЭТ-да 50 студенттің ЖД-11, ОД-14, ТД-25 студентті көрсетті.

Кесте 6 – Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Импровизациялық сәттерде студенттердің қызығушылығын сақтай алатыныңызға қаншалықты сенімдісіз?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар n-%	Өте сенімдімін		Орташа сенімдімін		Мүлде сенімді емеспін	
	ЖД		ОД		ТД	
	п	%	п	%	п	%
Бақылау тобы - 46	9	19,5	11	23,9	20	43,4
Эксперимент тобы - 50	8	16	13	26	29	58



7-сурет. Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Импровизациялық сәттерде оқушылардың қызығушылығын сақтай алатыныңызға қаншалықты сенімдісіз?» сұрағының нәтижелері

Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі «Импровизациялық сәттерде оқушылардың қызығушылығын сақтай алатыныңызға қаншалықты сенімдісіз?» сұрағы бойынша БТ-46 студент қатысты, ЖД-9, ОД-11, ТД-20 студент екені анықталды. Ал ЭТ-да 50 студенттің ЖД-8, ОД-13, ТД-20 студентті көрсетті.

Кесте 7 – Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Сабақ кезінде стандартты емес жағдайларды шешуде импровизацияны қаншалықты жиі қолданасыз?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар n-%	Әрдайым		Жиі		Ешқашан	
	ЖД		ОД		ТД	
	п	%	п	%	п	%
Бақылау тобы - 46	7	15,2	16	34,7	23	50
Эксперимент тобы - 50	11	22	12	24	26	52




8-сурет. Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Сабақ кезінде стандартты емес жағдайларды шешуде импровизацияны қаншалықты жиі қолданасыз?» сұрағының нәтижелері

Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі «Сабақ кезінде стандартты емес жағдайларды шешуде импровизацияны қаншалықты жиі қолданасыз?» сұрағы бойынша БТ-46 студент қатысты, ЖД-7, ОД-16, ТД-23 студент екені анықталды. Ал ЭТ-да 50 студенттің ЖД-11, ОД-12, ТД-26 студентті көрсетті.

Кесте 8 – Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Сабақ кезінде қоршаған ортаның өзгеруіне тез бейімделу қабілетіңізді қалай бағалайсыз?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар n-%	Керемет		Жаксы		Жаман	
	ЖД		ОД		ТД	
	n	%	n	%	n	%
Бақылау тобы - 46	9	19.5	13	28.2	24	52.1
Эксперимент тобы - 50	12	24	14	28	24	48


Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі «Сабақ кезінде қоршаған ортаның өзгеруіне тез бейімделу қабілетіңізді қалай бағалайсыз?» сұрағы бойынша БТ-46 студент қатысты, ЖД-9, ОД-13, ТД-24 студент екені анықталды. Ал ЭТ-да 50 студенттің ЖД-12, ОД-14, ТД-24 студентті көрсетті.



9-сурет. Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Сабақ кезінде қоршаған ортаның өзгеруіне тез бейімделу қабілетіңізді қалай бағалайсыз?» сұрағының нәтижелері

Кесте 9 – Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Импровизация білім беру процесінің тиімділігіне ықпал етеді деп ойлайсыз ба?» сұрағының нәтижелері

Шкалалар n-%	Толықтай келісемін		Орташа келісемін		Келіспеймін	
	ЖД		ОД		ТД	
	n	%	n	%	n	%
Бақылау тобы - 46	10	21.7	14	30.4	22	47.8
Эксперимент тобы - 50	12	24	15	30	23	46



9-сурет. Анықтау экспериментіндегі бақылау және эксперименттік топтардағы «Импровизация білім беру процесінің тиімділігіне ықпал етеді деп ойлайсыз ба?» сұрағының нәтижелері

Анықтау экспериментінде «Импровизация білім беру процесінің тиімділігіне ықпал етеді деп ойлайсыз ба?» сұрағы бойынша БТ-46 оқушы қатысты, ЖД-10, ОД-14, ТД-22 оқушы екені анықталды. Ал ЭТ-да 50 оқушының ЖД-12, ОД-15, ТД-23 оқушыны көрсетті.

96 студенттің жауаптарын талдау нәтижелеріне сүйене отырып, олардың көпшілігі педагогикалық импровизацияны орындауға дайындығы мен сенімділігінің орташа немесе жоғары деңгейін көрсетеді деп қорытынды жасауға болады. Дегенмен, бұл тақырыпқа қатысты бағалаулар мен тәсілдерде айырмашылықтар бар, бұл педагогикалық процесте импровизацияны оқыту саласында қосымша күш салуды қажет етеді.

Студенттердің педагогикалық импровизацияға қатынасын, олардың эмоционалды жағдайын және шығармашыл педагогикалық қызмет ретіндегі педагогикалық импровизацияға дайындалу келешегіне байланысты шығармашылық сезінулерін анықтау мақсатында әңгімелесу жүргізіледі.

Студенттер қызметінің өнімдерін зерттеу (емтихан жауаптары, сынақтар, педагогикалық тәжірибесі, курстық, дипломдық жұмыс және тағы басқа) студенттердің психологиялық-педагогикалық тәртібі бойынша педагогикалық импровизацияның теориялық негіздері бойынша білімдерінің деңгейін анықтау мақсатында өткізіледі.

Эмпирикалық зерттеудің лабораториялық кезеңінің нәтижелерін ескере келе, біз «педагогикалық импровизацияны» дамытуға әдістеме дайындап ұсынамыз.

«Педагогикалық импровизация» элективті курсының **мақсаты** педагогикалық үрдіс шегінде туындаған жағдаяттарды импровизациялық шешуге студенттерді даярлау болып табылады.

Мақсат келесі міндеттерді шешуге бағыттайды:

- педагогикалық импровизацияның мәнін ашу, оның құрылымын көрсету;
- үрдістің құрылымын және педагогикалық импровизацияның түрлерін зерттеу;
- студенттерді импровизациялық іскерлік пен дағдыны дамыту;

Кесте 10 - «Педагогикалық импровизация» элективті курсының оқу-тақырыптық жоспары

№ р/с	Тақырыптардың атауы	Сағат саны		
		Барлығы	Дәріс	Практикалық сабақ
1	Шығармашылық педагогикалық әрекеттің түрі ретінде педагогикалық импровизацияның мәні, оның құрылымы мен өлшемдері. Педагогикалық импровизацияға даярлықтың болжамды деңгейі	4	2	2
2	Үрдістің құрылымы мен педагогикалық импровизацияның түрлері. Өртүрлі педагогикалық импровизация түрлерінің технологиялық алгоритмі	4	2	2
3	Педагогикалық қарым – қатынастың технологиясы. Қарым – қатынастың тренингісі	6	2	4
4	Асыра жүзеге асыру іскерлігі мен педагогикалық елестетуін дамыту. Тренингтер	2	2	4
5	Әрекет пен ойлау жылдамдығының тренингі (педагогикалық жағдаяттардың жедел талдау, педагогикалық шешім қабылдау, олардың топ алдында жүзеге асуы)	6	2	4
6	Педагогикалық импровизацияны қолдану мүмкіндігі мен нақтылану көзқарасының технологиясы бойынша самедиата туындайтын педагогикалық жағдаяттарды талдау; олардың импровизациялық көрсетілімі мен инвариантты шешімі	6	2	4
7	Үлгі және үйде импровизациялық дайындықты қолдану технологиясы бойынша самедиа бөлігін көрсету	4	2	2
8	Импровизациялы педагогикалық әрекетке даярлықтың әдістері мен жолдары. Педагогикалық импровизацияға даярлықтың болжау деңгейі – салыстырмалы талдау	5	1	4
	Қорытынды	45	15	30

- студенттерді педагогикалық импровизацияның технологиялық алгоритмдерімен қаруландыру;

- студенттерде педагогикалық импровизацияға даярлықтың өзіндік бағалауына қабілеттілігін дамыту.

Бұл тапсырмаларды шешу студенттердің әртүрлі әрекеттерінің қажетті сәйкестігін ескереді:

- оқыған материалды пысықтау мен бастапқыда іскерлікті меңгеру және білімнің мықтылығын қамтамасыз ете отырып, әрекет тәсілдерін болжайтын, репродуктивті;
- оқыған материалды салыстыру, талдау, әрекет тәсілдерін жаңа жағдайға ауыстыру, шығармашылық педагогикалық әрекеттің бір түрі ретінде педагогикалық импровизацияда қажеттілікті қалыптастыруды қамтамасыз ететін импровизациялық іскерлік пен дағдылардың өңделуін қамтитын репродуктивті – шығармашылық;
- студенттердің өзіндік белсенді әрекеттерін, өз тұлғасындағы шығармашылық байлықты қолдану және импровизациялық іскерлікті еркін меңгеруді қамтитын шығармашылық.

Кесте 11 – Педагогикалық импровизацияның теориялық негіздерін ашушы білімдерін бағалау

Білімдер	Эксперимент басы		Қорытынды кесім	
	Білім бағасының орташа ұпайы	Білімде орташа өзін-өзі бағалау	Білім бағасының орташа ұпайы	Білімді орташа өзін-өзі бағалау
Педагогикалық импровизация теориясының негізгі түсініктерін білу.(білім)(пед-лық импровизация, пед.интуиция, шығармашылық, болжау)	0,34	0,51	2,66	2,67
Пед-лық импровизацияның әр түрлі түрлерінің сипаттамалы ерекшеліктері мен үрдіс құрылымын білу.	0	0	2,30	2,44
Пед.импровизацияның қызметтері мен рөлін білу.	0,67	0,72	2,69	2,72
Пед. импровизацияның негізгі белгілерін білу.	0,16	0,19	2,40	2,40
Пед.импровизацияға дайындықтың негізгі белгілері мен деңгейлік көрсеткіштерін білу.	0,16	0,19	2,56	2,52
Импровизационды пед-лық қызметке дайындықтың негізгі жолдары мен әдістерін білу.	0,57	0,62	2,78	2,82
Жалпы орташа ұпай	0,32	0,37	2,57	2,59
Қорытынды баға	0,35		2,58	

Қалыптастыру кезеңінен кейінгі эмпирикалық зерттеудің нәтижелері

0-білімнің тіптен болмауы

1-білімнің төменгі деңгейі

2-орташа деңгей

3-білімнің жоғарғы деңгейі деп белгіленді.

Осы шкала бойынша зерттеуші де студенттердің білімін бағалады. Зерттеу нәтижелері 11-кестеде көрсетілген.

Қорытынды. Жалпы алғанда, болашақ мамандардың педагогикалық импровизациялық қабілеттерін қалыптастырудағы эмпирикалық зерттеулер студенттердің педагогикалық импровизацияға қатынасын, олардың эмоционалды жағдайын және шығармашыл педагогикалық

калық қызмет ретіндегі педагогикалық импровизацияға дайындалу келешегіне байланысты шығармашылық сезінулерін анықтау мақсатында әңгімелесу жүргізілді.

Студенттер қызметінің өнімдерін зерттеу (емтихан жауаптары, сынақтар, педагогикалық тәжірибесі, курстық, дипломдық жұмыс және тағы басқа) студенттердің психологиялық-педагогикалық тәртібі бойынша педагогикалық импровизацияның теориялық негіздері бойынша білімдерінің деңгейін анықтау мақсатында өткізілді.

Педагогикалық импровизацияның арнаулы әдістемесін дайындау қойылған мақсатты болжамдауда оның анықтылығы, берілетін тапсырманың танымдық және тәжірибелік жүйесінің болуы, тақырыпты меңгерудегі бірізділік және ойын анықтау кезеңдері, оқу үрдісіндегі оқушылардың әр кезеңдегі қарым-қатынас көрсеткіші, осы үрдістегі оқушы мен мұғалімнің түрткілік іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеттегі дұрыс шекараны көрсету және т.б. бірқатар өлшемдерді реттеді.

Болашақ мамандардың педагогикалық импровизациялық қабілеттерін қалыптастырудағы эмпирикалық зерттеулер бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар:

-ЖОО-ның барлық білім беру бағдарламаларына «Педагогикалық импровизация» пәнін енгізу;
- студенттермен импровизация бойынша тапсырмалар жүйесін, жағдаяттар жинағын, кейс тапсыраларын бірлесе дайындауды жолға қою.

Болашақ мамандардың педагогикалық импровизациялық қабілеттерін қалыптастырудағы эмпирикалық зерттеулерді ұйымдастыруда қолдау көрсеткен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне алғыс білдіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2020 ж.
- 2 Маркова А.К. и др. Формирование мотивации учения. Книга для учителя.–М.:Просвещение, 2010.–191 с.
- 3 Берикханова Л.Ю. Учебный процесс в высшей школе, его закономерности, основы и методы. – М.: Высшая школа, 2000. – 368 с.
- 4 Загвязинский В.И. Методология и методика дидактического исследования. – М., 2002. – 160 с.
- 5 Харкин В.Н. Психология креативности. Учебник для PhD – докторантов - Алматы, 2012. – 420 с.
- 6 Кан-Калик В.А. Профессионально-педагогический потенциал педагога. – Павлодар: ПГУ им. С.Торайгырова, 2003. – 198 с.
- 7 Нағымжанова Қ.М. "Педагогикалық креативтікті қалыптастырудағы импровизациялық қабілеттің ролі."
- 8 Щербakov А.И. Текущий контроль в обучении. - И.: ВАД, 1994. – 76 с.
- 9 Степинский Л.Ф. Научная картина мира в культуре техногенной цивилизации. IFRAN, 1994.
- 10 Спирин М.А., "Патогенетические аспекты нейрокогнитивных расстройств у ВИЧ-инфицированных пациентов (обзорная статья)." Вестник Совета молодых учёных и специалистов Челябинской области 2.4 (19) (2017): 56-62.
- 11 Кулюткин Ю.Н. "Творческое мышление в профессиональной деятельности учителя." Вопросы психологии 2 (1986): 21-30.
- 12 Лукина Е. Имитация-интерпретация-импровизация //Искусство в школе. – 2007. – №. 2. – С. 17-19.
- 13 <http://cheloveknauka>.
- 14 Храмов В.Б. Импровизация как форма творческой деятельности //Культурная жизнь юга России. – 2011. – №. 4. – С. 10-13.
- 15 Waks L. Teacher education programs as complex organizations. Complicity: An International Journal of Complexity and Education, 8 (1), 2011. 65-69.
- 16 <https://www.researchgate.net/publication/280134484>

Reference:

- 1 Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqayevtyń "Syndarly qoǵamdyq dialog – qazaqstannyń turaqtylyǵy men órkendeyiniń negizi" Qazaqstan halqyna Joldaýy. 1 qyrkúiek 2020 j.
- 2 Markova A.K. i dr. Formirovanie motivasi ýchenia. Kniga dlá ýchitelá. – M.: Prosveshenie, 2010. – 191 s.
- 3 Berikhanova L.Íy. Ýchebnyi proses v vysshei shkole, ego zakonornosti, osnovy i metody. – M.: Vysshaia shkola, 2000. – 368 s.
- 4 Zagvázinskii V.I. Metodologiya i metodika didakticheskogo issledovania. – M., 2002. – 160 s.
- 5 Harkin V.N. Psihologiya kreativnosti. PhD-doktoranttargá arnalǵan oqýlyq-Almaty, 2012. – 420 s.

- 6 Kan-Kalik V.A. *Professionalno-pedagogichesku potentsial pedagoga*. – Pavlodar: PGÝ im. S.Toraigyrova, 2003. – 198 s.
- 7 Nağymjanova, Q. M. "Pedagogikalyq kreativtiktі qalyptastyrydağy improvizasiyalq qabilettiñ roli."
- 8 Sherbakov A.I. *Tekýshu kontrol v obýchenu*. - I.: VAD, 1994. – 76 s.
- 9 Stepinski L.F. *Naýchnaia kartina mira v kúltýre tehnogennoi sivilizasiu*. IFRAN, 1994.
- 10 Spirin M.A., "Patogeneticheskie aspekty neurokognitivnyh rasstroistv ý VICH-infisirovannyh pasientov (obzornaia statá)." *Vestnik Soveta molodyh ýchenykh i specialistov Chelábinskoi oblasti* 2.4 (19) (2017): 56-62.
- 11 Kýlútkin Iý. N. "Tvorcheskoe myshlenie v professionalnoi deiatelnosti ýchtelá." *Voprosy psihologii* 2 (1986): 21-30.
- 12 Lýkina E. *Imitacia-interpretacia-improvizacia //Iskýsstvo v shkole*. – 2007. – №. 2. – S. 17-19.
- 13 <http://cheloveknauka>
- 14 Hramov V. B. *Improvizacia kak forma tvorcheskoi deiatelnosti //Kúltýrnaia jizn týga Rossii*. – 2011. – №. 4. – S. 10-13.
- 15 Otany L. *Muğalimderdiñ bilim berý bağdarlamalary kúrdeli uyymdar retinde*. Seriktestik: Halyqaralyq Kúrdelilik Jáne Bilim Jýrnaly, 8 (1), 2011. 65-69.
- 16 <https://www.researchgate.net/publication/280134484>

МРНТИ 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.85.1.013>

Г.К.Тулеева,^{1*}  А.М.Абдыров,²  М.Д.Есекешова¹ 

¹С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ., Қазақстан

²Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ЖҮЙЕЛІЛІК ТҰҒЫР НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа

Мақалада болашақ мамандарды жүйелілік тұғыр негізінде оқытудың құрылымдық-мазмұндық сипаты теориялық және практикалық аспектілерде қарастырылады. Теориялық аспектілерде «жүйе», «жүйелілік тұғыр», «графикалық пәндерді оқыту» секілді ұғымдардың мазмұны мен құрылымын философиялық, психологиялық және педагогикалық жағдайларда талдаулар жасалады. Жүйелілік тұғыр – табиғатта, қоғамда, ойлауда болатын үдерістерді зерттеуге таным мен диалектика теориясын қолдану формасы деп нақтыланады. «Жүйелілік тұғыр – күрделі жүйе» ретіндегі мазмұндық сипаты талданады. Мақалада графикалық оқытудың түрлері және оны жүйелілік тұғыр негізінде оқытудың маңызы баяндалады. Жүйелілік тұғыр негізінде болашақ мамандарға графикалық пәндерді оқытудың көрнекілік, ақпаратты түсіну, когнитивті дағдыларды дамыту, шығармашылық қабілеттерді дамыту, интерактивті оқыту мүмкіндіктері қағидалары түзіліп, оның функциялары анықталды.

Эмпирикалық талдаулар бойынша «Графикалық пәндерді жүйелілік тұғыр негізінде оқыту» атты элективті курсының бағдарламасы жасалып, оның қысқаша мазмұны ұсынылады. Болашақ мамандарға арналған анықтау кезеңінде 9 сұрақтан тұратын сауалнама нәтижелері сандық, пайыздық есептеулермен беріледі. Анықтау кезеңі Астана қаласындағы С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру факультетіндегі кәсіптік білім беру кафедрасының білім алушыларымен жүргізілді. Графикалық пәндер бойынша студенттерге арналған сауалнама бойынша анықтау эксперименті кезінде бақылау тобы (62) респонденттерінің сауалнамаға берген жауаптарының нәтижелері талданады.

Түйін сөздер: оқу процесі, жүйелілік тұғыр, жоғары білім беру жүйесі, графикалық пәндерді оқыту.